

## Жамбыл ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 37-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда № 2426 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы № 50-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 19.02.2016 № 50-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Жамбыл ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары Жамбыл ауданы Аса ауылы Абай көшесі орталық алаң және Аса ауылы Абай көшесі №102 үйдің (Мәдениет үйі) алдындағы алаң болып белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихатының " Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихаты  
ессиясының төрағасы:  
Т. Әбдібеков

Жамбыл аудандық мәслихат  
хатшысы  
Р. Бегалиев

